


# **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ**

*оқу бағдарламасы*

*(орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында)*

*Бастауыш білім беру (1 – 4 сыныптар)*

*Астана, 2015 жыл*



# «Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы

Жаратылыстану бағытында білім беру кіші мектеп жасындағыларда табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрістің кеңеюіне, ғылыми ұғынудың және қоршаған әлемді тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған әлемді қорғау және бағалай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

- ▶ *Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:*
- ▶ *гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименталды берілулер негізінде қорытынды жасау;*
- ▶ *мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс алу, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;*
- ▶ *БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Ғаламтор ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;*
- ▶ *өлі және тірі табиғаттағы үрдістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға қалай ықпал ететінін ашуға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;*
- ▶ *өзіндік қарапайым зерттеулер қорытындыларын түрлі формада ұсыну;*
- ▶ *жаратылыстану ғылымы бағытындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.*



«БИОЛОГИЯ»

## «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты

«ГЕОГРАФИЯ»

Пән бағдарламасы келесі мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;
- қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру, БАҚ, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;
- зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;
- табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;
- күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

«ХИМИЯ»

«ФИЗИКА»



## Үш тілдік саясатын жүзеге асыру

Үш тілді оқыту бағытының жүзеге асырылуы «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының келесі тармақтарында көрсетілген:

- «Жаратылыстану» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер» тармағында (5-тармақ), пәнді меңгеруге қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдері ұсынылған.
- «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту» тармағында (8-тармақ), мұғалімдердің пән арқылы ауызша және жазбаша коммуникация дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) қалай дамытатыны көрсетілген.
- «Оқушылардың оқу жетістігін бағалау туралы» тармағында (9-тармақ), бағалау тілі, моделі және түрлері белгіленген.

## «Жаратылыстану» пәнін оқыту үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар





**Бастауыш сыныптары кабинеттеріндегі жиһаздардың орналасуы еркін қозғалуға, ойын, эксперименттер өткізуге, оқушылар жұмыстарының көрмесі мен ресурстарға жеткілікті кеңістік, орын болуын қамтамасыз етуге тиісті. Пәнді оқыту үшін мамандандырылған зертхананың болуы міндетті емес, мүмкіндік болған жағдайда биология, физика және химия кабинеттері ресурстарын қолдану ұсынылады**

# «Жаратылыстану» пәні бойынша сағат саны



Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық сағат саны
1	1	33
2	1	34
3	2	68
4	2	68

# БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР:



# «Жаратылыстану» пәнін оқытуда

## қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер

Мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыны ынталандыру және дамыта оқыту

Проблемаларды анықтау және шешу тәсілдерінің Үлгісін оқушыларға түсінікті жолмен құру және көрсету

Жеке, жұптық, топтық жұмыстар

Оқушының жеке пікірін тыңдау

Сын тұрғысынан ойлау

Зерттеу жұмыстарын жүргізу

Ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдісі

Проблемалық жағдаяттар құру

Миға шабуыл





# Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет сезімін қалыптастыру

Түрлі мәдениет пен көзқарастарға деген құрмет – жеке тұлғалық, тұлғааралық және мәдениетаралық құзыреттіліктердің бөлігі болып табылады. Мінез-құлықтың сәйкес нормаларына баулу оқушыларға қазіргі кезде барынша көпмәдениетті қоғамға айналып келе жатқан қоғамның әлеуметтік және еңбек өміріне тиімді әрі конструктивті қатысуына мүмкіндік береді

**«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» пәні бойынша оқу бағдарламасында:**

- ✓ Тұлғааралық құзыреттілікті бағалауға және дамытуға мүмкіндік беретін түрлі ұлт өкілдерінен жұптық, топтық жұмыстарды қолдану
- ✓ Түрлі елдер мен аймақтардағы (мысалы, өсімдіктер, жануарлар, табиғат құбылыстарымен байланысты мерекелер және т.б.) белгілі мәдени-шаруашылық маңызы бар табиғи нысандар ме құбылыстарды оқып үйрену және қолдану
- ✓ «Әлем ғалымдары және олардың ғылыми жаңалықтары» тақырыбын оқу
- ✓ Оқушыларды әрбір адамның жеке пікірін және оның ойының құндылығын ескеруге жетелеу қамтылған

## Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі «Жаратылыстану» пәні оқу бағдарламасында:

- ❑ ғаламтор ресурстарымен жұмыс істеуді үйрену (мысалы, оқушылар веб-сайтқа кіріп, мәліметтер оқиды, керекті мәліметті таңдайды, көшіреді және оны сақтайды);
- ❑ мәтінмен, кестелермен, слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым офистік бағдарламаларды (Word, PowerPoint) қолдану;
- ❑ ақпараттарды өңдеу, оны қағаз бетінде және электронды тасымалдаушыларда сақтау үшін техника түрлерін) қолдану қамтылған

# Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту



белгілі бір бағытта  
алдын ала  
құрастырылған  
сұрақтарды қолданып  
мамандармен сұхбат  
жүргізу, мысалы, тіс  
гигиенасы туралы  
стоматолог дәрігермен  
әңгіме және оның  
жауабын ауызша  
әңгімелеу

тапсырмаларды бөлу  
және өзара оқу (мысалы,  
өсімдікке маусымдық  
өзгерістердің ықпалы  
туралы тақырыпты  
зерттеу барысында,  
топтар арасында  
өсімдікке әрбір жыл  
мезгілінің ықпалдарын  
сипаттау тапсырмасын  
бөліп беру)

экскурсия бойынша  
әңгімелесу (мысалы,  
саябаққа барып  
келгеннен кейін  
оқушылардың  
бақылаулары туралы  
пікір алмасу)

белгілі тақырып  
бойынша туындаған  
сұрақтарды талқылау,  
бір-бірінің пікірін  
тыңдау және ойын  
айту.

## «Жаратылыстану» пәні мазмұны және оқу мақсаттарының жүйесі

*Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға, сондай-ақ, оларды оқудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.*

# «Жаратылыстану» пәні мазмұны

<i>№</i>	<i>Бөлімдер</i>	<i>Бөлімшелер</i>
<b>1</b>	<b>Мен - зерттеушімін</b>	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі
		1.2 Табиғатты тану әдістері
<b>2</b>	<b>Тірі табиғат</b>	2.1 Өсімдіктер
		2.2 Жануарлар
		2.3 Адам
<b>3</b>	<b>Заттар және олардың қасиеттері</b>	3.1 Заттардың типтері
		3.2 Ауа
		3.3 Су
		3.4 Табиғат ресурстары
<b>4</b>	<b>Жер және Ғарыш</b>	4.1 Жер
		4.2 Ғарыш
		4.3 Кеңістік және уақыт
<b>5</b>	<b>Табиғат физикасы</b>	5.1 Күш және қозғалыс
		5.2 Жарық
		5.3 Дыбыс
		5.4 Жылу
		5.5 Электрлік
		5.6 Магниттілік

- Бағдарламада «Оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4. кодында «1» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны*

НА ЗАРПЛАТНЫМ ДА РАКМЕТУ

